



BAIPURSYNULY
UNIVERSITY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

КОСТАНАЙСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ

«БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР:
ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА, НӘТИЖЕЛЕР»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

СУЛТАНГАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МЕЖДУНАРОДНАЯ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
«СОВРЕМЕННЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ
В ОБРАЗОВАНИИ: ТЕОРИЯ,
ПРАКТИКА, РЕЗУЛЬТАТЫ»



Костанай 2024

УДК 37
ББК 74
С

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

- **Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі / Председатель Правления-Ректор Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, доктор географических наук, член Академии Педагогических Наук Казахстана
- **Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / Проректор по исследованиям, инновациям и цифровизации Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор
- **Радченко Татьяна Александровна**, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі / магистр естественных наук, заведующий кафедрой физики, математики и цифровых технологий Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы
- **Алимбаев Алибек Алпысбаевич**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а. / доктор PhD, и.о. ассоциированного профессора кафедры физики, математики и цифровых технологий Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы
- **Телегина Оксана Станиславовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы / старший преподаватель кафедры физики, математики и цифровых технологий Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы
- **Шумейко Татьяна Степановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының м.а. / кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, и.о. профессора кафедры физики, математики и цифровых технологий Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы

СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2024 жылдың 15 қараша.- Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2024. – 374 б.

СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ: материалы международной научно-практической конференции, 15 ноября 2024 года. - Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2024. – 374с.

ISBN 978-601-356-413-5

«Сұлтанғазин оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жинағында қазіргі білім берудің өзекті мәселелеріне арналған ғылыми мақалалар ұсынылған: физиканы оқытудағы жаңа әдістер мен технологиялардың тәжірибесі мен болашағы, математиканы зерттеу мен оқыту мәселелері қарастырылған; информатиканың ғылым ретіндегі тарихы, қазіргі жағдайы және даму болашағы, кәсіби білім берудің мәселелері мен келешегі ашылды. Жинақтағы материалдар ғалымдардың, оқытушылардың, магистранттар мен студенттердің қызығушылығын тудыру мүмкін.

В сборнике материалов Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» представлены научные статьи по актуальным вопросам современного образования: рассмотрены опыт и перспективы новых методов и технологий в преподавании физики, проблемы исследования и преподавания в математике; раскрыты история, современное состояние и перспективы развития информатики как науки, проблемы и перспективы профессионального образования. Материалы сборника могут быть интересны ученым, преподавателям, магистрантам и студентам.



УДК 37
ББК 74

Рекомендовано к изданию Ученым советом НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы» от 27.11.2024 года, протокол № 17

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2024
© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2024

айналдыратын драмалық үйірмелер халық шығармашылығын кеңінен насихаттайды және орыс классиктері мен ағартушыларының шығармаларын (ән, өлең, мысал, әңгіме, ертегі) қазақ тілінде таратуға мүмкіндік береді. Ахмет Жұбанов өзінің естелігінде: «Ыбырай Алтынсарин далаға күйсандық әкелгізіп, өзі ұстаздық еткен мектептерде шәкірт балалардың басын қосып, бір дауысты хор ұйымдастырған... Мектептеріндегі әнді хормен айту дәстүрі революцияға дейін созылды» деп жазған.

Қорыта келе, Ыбырай Алтынсарин — қазақ ағартушылығының негізін қалаушылардың бірі, педагогикалық идеялары мен іс-әрекеттері арқылы ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына зор үлес қосқан тұлға. Оның шығармашылығы мен педагогикалық әдістері қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлеріне негізделген, сонымен қатар батыстық білім беру тәжірибесін енгізуге бағытталған. Алтынсариннің мақал-мәтелдерді, халық музыкасын және өнерді тәрбиенің құралы ретінде қолдануы, балаларға эстетикалық және адамгершілік тәрбие берудегі маңыздылығын дәлелдейді. Ол білімнің тек теориялық қана емес, практикалық аспектілеріне де көңіл бөлген, шәкірттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ұмтылған.

Ағартушының мектептерінде концерттер, драмалық үйірмелер мен ән сабағының енгізілуі, халық шығармашылығын насихаттау арқылы жастардың рухани дамуына ықпал етті. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпай, ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Оның идеялары мен әдістері қазіргі білім беру саласында да қолданылып, жастардың бойында патриотизм, мәдениет және өнерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға септігін тигізеді. Ыбырай Алтынсариннің еңбектері - ұлттық тәрбиенің алтын қазынасы, ол болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие берудің негіздерін қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Күзекбай Е. «Ұлы ұстаз мектепті қалай ашты?» – Алматы, Егемен Қазақстан, 2021. – 17 б.
2. Әбсадық А. «Түпнұсқа: Алтынсариннің Григорьевке жазған хаты» - Алматы, Егемен Қазақстан, 2023. – 8 бет.
3. Есеналина Ж.С. Взаимодействие научных обществ Западного Казахстана и Волго-Уральского региона во второй половине XIX — 30-е годы XX веков. - Ақтобе, 2008.- 282с
4. Ұзақбаева С. Қазақхалық педагогикасы. - Алматы, Глобус, 2013. - 271б.
5. Қазақ хрестоматиясы {Мәтін} /Ыбырай (Ибраһим Алтынсарин — Алматы: Білім, 2003 — 112 б.
6. Ұжым. жинақ. Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. Алматы. Жазушы, 1991. – 384 бет.

УДК 821.512.122

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ

Кулмагамбетова Ботагоз Жумағалиевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, №17 ЖББМ
2-курс магистранты, А.Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ
Қазақстан, қ.Қостанай,
E-mail: kulmagambetova.botagoz@mail.ru

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты: Қазақтың ғалым педагог-ағартушыларының ірі өкілдерінің бірі, қазақ даласында алғаш болып, білім қоңырауын соққан ағартушы-педагог, балалар әдебиетінің атасы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері, тіл тазалығы үшін күрескен Ыбырай Алтынсариннің эпистолярлық мұрасы арқылы ақынның өмірі мен ағартушылық қызметін, тыныс – тіршілігін, тұрмысы мен мінез – құлқын, достарына сыйластығын, туыстарына бауырмалдылығын, сонымен қатар, білім беру, мектеп ашу жолында халқына жаны ашып, келешегін ойлаған ағартушы бейнесін ашу. Ыбырай Алтынсариннің эпистолярлық мұрасын зерттеу, талдау, сол арқылы ақынның әдебиеттану саласының дамуына қосқан үлестерін зерделеу, саралау, еңбектеріне шолу жасай отырып, еңбектерінің мәнін ұғыну.

Түйінді сөздер: хаттар, мұра, педагог, ағартушы, қызмет, туыстық, достары, түпнұсқа.

Аннотация

Актуальность и цель: Изучение жизни и просветительской деятельности, жизнедеятельности, быта и поведения поэта через эпистолярное наследие Ибрая Алтынсарина, одного из крупнейших представителей казахского ученого педагога-просветителя, педагога-просветителя, который первым в казахской степи совершил колокол знаний, отца детской литературы, этнографа, фольклориста, общественного деятеля, борца за чистоту языка, открыть образ просвещенного человека, который, уважая своих друзей, заботясь о родных, а также сочувствуя своему народу и размышляя о будущем на пути к образованию, открытию школы. Изучение, анализ эпистолярного наследия Ибрая

Алтынсарина, тем самым изучение, дифференциация вклада поэта в развитие области литературоведения, осмысление сущности его трудов с обзором.

Ключевые слова: письма, наследие, педагог, педагог, служба, родство, друзья, оригинал.

Abstract

Relevance and purpose: to reveal through the epistolary heritage of Ibrai Altynsarin, one of the largest representatives of Kazakh scientists and educators, the first in the Kazakh steppes, the father of children's literature, ethnographer, folklorist, public figure, who fought for the purity of the language, the poet's life and educational activities, life, life and behavior, respect for friends, brotherhood with relatives, as well as the image of an educator who sympathized with his people and thought about the future in the name of Education, school. Study, analysis of the epistolary heritage of Ibrai Altynsarin, thereby studying, differentiating the poet's contributions to the development of the field of literary criticism, reviewing his works, understanding the essence of his works.

Keywords: letters, heritage, teacher, educator, service, kinship, friends, original.

Ыбырай Алтынсарин қазақ жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді. Шиеленіскен тартыстар, соны бейнелер, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да дамытты. Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, қысқа да әсерлі әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алды. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оларды жүйелеп, жариялауға да Ы. Алтынсарин аз еңбек сіңірген жоқ. Оның шығармалары қазақ әдебиетін мазмұн жағынан байытты. «Қазақ хрестоматиясы» қазақ халқының жазба әдеби және тілінде жазылған айрықша ескерткіш-мұра. Ы. Алтынсариннің өлеңдері мен әңгімелері жалпы халыққа түсікті қарапайым тілмен жазылған. Ыбырай қыры сан алуан. Ол – халық жүрегінен мәңгі орын алған данышпан, ардақты да асыл бейне. Бір Аллаға сыйынып бар ғұмырын халқының қамын ойлаумен өткізген. Ыбырай Алтынсарин парасат-лайымы жоғары ұлы тұлға. Ақынның тағы бір артына қалдырған мұрасы оның хаттары. Ыбырай Алтынсариннің мазмұны бай, көркемдігі жоғары хаттары – педагог ұйымдастырушы ретінде арқалаған жүгінің салмағын, сауатын, ой-өрісін, алдына қойған мақсат-мүдделерін ашып көрсететін маңызды дерек. Ы.Алтынсариннің эпистолярлық мұраларының түпнұсқасы орыс тілінде жазылған. Хаттарды жазылу ерекшелігіне қарай: туыстық, қызмет бабындағы, достық-сыйластық хаттар деп қарастыруға болады. Ы.Алтынсариннің оқушы балалардың үйлеріне жазған хаттарының үлгісіне мысал ретінде жазған туыстық хаттары: атасы Балғожа бидің хаты, оқушылардың ата-анасына жазған хаты, қызмет бабындағы хаттарға мәлімдеме, нұсқау, баяндама хаттар, запискалар, рапорттар, есептер, достық хаттарға, Н.И. Ильминскийге, Е.С. Ильминскаяға, А.А. Бобровниковке, В.В. Катаринскийге, А.А. Мазохинге, Ф.Д. Соколовқа жазған хаттарын жатқызуға болады.

Мұғалімдерге жазған хаттарынан шынайы достықтың жылы лебі еседі. Оларға бұл өз көңіліндегіні ашық айта алады: «Жуырда Сіздің хатыңызды алдым. Ол хатыңызды Сіз Мозохин туралы естіген пікірлер жайында жазған екенсіз. Ол шынында да өзінің істерін біздің болыстағылардың қай-қайсысынан да анағұрлым жақсы жүргізеді; басшы адамдардың ол туралы өте жақсы пікірде екенін айтпай-ақ қойғанның өзінде де, айналадағы қазақ қарттары оны өз баласындай жақсы көреді. Мұның жақсы адам екенін осыдан-ақ көруге болады. Сіздің арқасында құдай маған өз ойымдағыдай бір жақсы оқытушы бергенін мен өзіме үлкен бақыт деп санаймын. Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып келеді; сондықтан жаңа салынып жатқан үйдің мықты қалануына байланысты болатыны сияқты біздің қолға алып отырған ісіміз де, қазақ мектептерінің бар келешегі көбінесе істің қазіргі басталуына байланысты, сондықтан да мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін. Сіз, адамзаттың ішіндегі ең қарапайымдысы, бізді ұмытпаңыз, мүмкіндігі болғанынша бізге қабілеті мол, жақсы адамдар жіберіп тұрыңыз, қазақ халқын оқыту жұмысына мұндай қайырымдылықпен қатынасқаныңыз үшін аллатағала Сізді жарылқар. Халық мектептері үшін ең керектісі - оқытушы; тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Ал менің жағдайымды алсақ, қымбатты Николай Иванович, жақсы оқытушы тауып алу ісінде менің сізден басқа сүйенер ешкімім жоқ! Мазохиндей болмағанмен де, Сіздің тәрбиелеп шығарған басқа шәкірттеріңіз де оқу жұмысын өте ыждағатты түрде жүргізіп жатыр. Олардың бәрі де жігіттер: бірақ балаларды тәрбиелей білу, балаларға жазу сызуды, тілді үйрету, түсінікті етіп жүйелі түрде білім беру жөнінде, әрине, олардың бәрі бірдей емес. Мысалы, Меркурьев пен Спиридонов балалармен онша жақсы түсінісе алмайды, ал Григорьев бұл жөнінде ептілеу, бірақ оның оқыту әдісін және оқытатын пәнін тандап алу жөнінде тұрақтылығы жоқ. Данилов туралы әзірге еш нәрсе айта алмаймын, өткені онымен жете танысқаным жоқ. Бірақ, жалпы алғанда, біздің оқытушыларымыз оқу ісін, менің ойымша, орыстың көптеген халық мектептеріндегі оқытушылардан гөрі тәуірірек жүргізеді-ау деп білемін...» Бұл достық хатында Ыбырай тек Мазохинге туралы ғана емес, бүкіл оқытушыларға баға берген сияқты. Өткені бұл хатта Ыбырай Алтынсарин педагогикалық, психологиялық пен әдістемелік тұжырым жасап, балаға білім, тәрбие беру оқытушыға байланысты және оқытушы білгір, жан-жақты

болуы керектігі туралы ашық айтып отыр. Ыбырай Алтынсаринның хаттарын оқыған кезінде оның өмірі, сол өмір сүрген кезеңнің тыныс-тіршілігі, ақынның тұрмысы, көңіл - күйі, оның өзіне тән мінезін көре аламыз. [1, б.42].

Қызмет бабындағы мәлімдеме, нұсқау, баяндама хаттары, запискалар, рапорттар есептер: «Орынбор облыстық басқармасына Орынбор бекінісінде мектептің ашылуы туралы, оқу құралдарының жіберілуі туралы рапорт (1964 жыл, 14 қаңтар)», «Торғай облысының әскери губернаторына су тасқыны салдарынан Торғай уезінде 11 адамның өлуі туралы рапорт (1869 жыл, 16 маусым)», «Қазақтың облыстық мектептері туралы записка», «1881 жылы 6 октябрьде Торғай облысының соғыс губернаторына берген рапорты», «Торғай облысының соғыс губернаторына рапорт (1981 жыл, 24 қазан)», «Торғай облысының соғыс губернаторына рапорт (19 желтоқсан, 1881 жыл)», 1882 жылы Торғай облысындағы оқу жұмысының жайы туралы есеп», «Ақтөбе екі кластық мектебінің меңгерушісіне нұсқау хат (12 ақпан, 1883 жыл)», «Орынбор оқу округі попечителіне баяндама хат (5 қазан, 1883 жыл)», «Торғай облысының соғыс губернаторының қызметін Ильинге баяндама (30 қазан, 1883 жыл)», «Торғай облысындағы халық мектептерінің 1883 жылғы жайы туралы есеп», «Торғай облысының соғыс губернаторына Қарабұтақ орыс-қазақ училищесін ашу мүмкіндігі туралы (1884 жыл, 3 ақпан)», Торғай облысының соғыс губернаторына Қостанай мекенінде екі кластық орыс-қазақ училищесі үйін күрделі жөндеуден өткізу және оның жанынан қосымша үй салу туралы рапорт (1885 жыл, 22 маусым)», «Торғай облысының соғыс губернаторына Ырғыз және Елек уездеріндегі Қарабұтақ және Бөрте болыстық мектептерін ашуға жұмсалған қаржы есебін беру туралы жазбаша хат (1886 жыл, 9 мамыр)», «Торғай облысының соғыс губернаторына Ырғыз уезіндегі Қарабұтақта мектеп үйін салу туралы рапорт (1886 жылдың 1 қазаны)», «Торғай облысының соғыс губернаторына Николаев уезіндегі Обаған және Жетіқара облыстық мектептеріне үй-жай салу немесе баспана жалдау туралы (1887 жылдың 25 маусымы)», Торғай облысының соғыс губернаторына Торғай қаласындағы қолөнер училищесі оқушыларының тұрмыс жағдайлары туралы (1887 жыл, 3 қазан)», «Торғай облысының соғыс губернаторына Қарабұтақ училищесінің дін заңының мұғаліміне жалақы тағайындауға байланысты қатынас қағаз (1887 жыл, 3 желтоқсан)», «Торғай облысының соғыс губернаторына Торғай үйезі Батпаққара мекеніндегі болыстық мектеп үшін үй-жай салу немесе жалдау туралы (1888 жыл, 27 май)», Торғай облысының соғыс губернаторына Ырғыз және Елек уездеріндегі Қарабұтақ және Бөрте болыстық мектептерін ашуға жұмсалған қаржы есебінің жіберілгендігі туралы ескерту хат (1888 жыл, 9 қыркүйек)». Достық - сыйластық хаттар: «Қайырымды тақсыр Лев Николаевич! (1859 жылғы 7 маусым). «Жоғары мәртебелі Василий Васильевич! (1860 жылғы 26 тамыз)», «Н.И. Ильминскийге. Аса тілектес досым Николай Иванович! (1860 жыл, 18 қараша)», Н.И. Ильминскийге Қымбатты Николай Иванович! (1862 жыл, 26 қаңтар)», «Н.И.Ильминскаяға (1862 жыл, 26 қаңтар)», Н.И. Ильминскийге Қымбатты Николай Иванович! (1862 жыл)», «Н.И. Ильминскийге Менің қамқоршым Николай Иванович! (1862 жыл, 27 тамыз)», «Н.И. Ильминскийге Аса марқабатты Николай Иванович! (1864 жыл, 16 наурыз)», «Н.И. Ильминскийге Аса ақкөңіл Николай Иванович! (1864 жыл, 14 сәуір)», «Н.И. Ильминскийге Шапағатты төрем, Николай Иванович! (1871 жыл, 31 тамыз)», «Н.И. Ильминскийге Шапағатты төрем, аса қайырымды Николай Иванович! (1873 жыл, 20 наурыз)», «Н.И. Ильминскийге аса қайырымды қамқоршыларым – Николай Иванович пен Екатерина Степановна! (1873жыл, 7 маусым)», «Аса қайырымды Николай Иванович! (1876 жыл, 8 желтоқсан)», «Н.И. Ильминскийге Аса қайырымды Николай Иванович! (1877 жыл, 18 маусым)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1879 жыл, 25 шілде)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1879 жыл, 9 қараша)», «В.В. Катаринскийге Аса құрметті Василий Владимирович! (1879 жыл, 17 қараша)», «Н.И. Ильминскийге Аса қайырымды Николай Иванович! (1879 жыл, 25 қараша)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (27 желтоқсан, 1879 жыл)», «В.В. Катаринскийге Аса қайырымды Василий Владимирович! (1879 жыл)», «В.В. Катаринскийге Аса құрметті Василий Владимирович! (14 ақпан, 1880 жыл)», «В.В. Катаринскийге Қымбатты Василий Владимирович! (1880 жыл, 7 сәуір)», «А.А. Мазохинге Сүйікті досым! (1881 жыл, 21 қазан)», «А.А. Мазохинге Сүйікті досым Арсений Андреевич! (1881 жыл)», «А.А. Мазохинге Сүйікті досым Арсений Андреевич! (1881 жыл, 16 желтоқсан)» «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1882 жыл, 20 мамыр)», «Н.И. Ильминскийге Аса қайырымды Николай Иванович! (1882 жыл, 29 шілде)», «Н.И. Ильминскийге Аса мәртебелі, мархабатты төрем Николай Иванович! (1882 жыл, 12 қыркүйек)», «А.А. Мазохинге Шын досым Арсений Андреевич! (1882 жыл, 19 қазан)», «А.А. Мазохинге Аса сүйікті досым Арсений Андреевич! (1882 жыл, 19 қараша)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1882 жыл, 2 желтоқсан)», «Н.И. Ильминскийге Аса қадірлі Николай Иванович! (1883 жыл, 13 қаңтар)», «А.А. Мазохинге Аса қадірлі досым Арсений Андреевич! (1883 жыл, 22 қаңтар)», «А.А. Мазохинге Қайырымды досым Арсений Андреевич! «1 ақпан, 1883 жыл)», «В.В. Катаринскийге Аса құрметті Василий Владимирович! (1883 жыл, 4 ақпан)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1883 жыл, 1 сәуір)», «А.А. Мазохинге Сүйікті досым Арсений Андреевич! (1883 жыл, 2 сәуір)», «Н.И. Ильминскийге Аса қайырымды Николай Иванович! (1884 жыл)», «Е.С. Ильминскаяға (1884 жыл, 14 қыркүйек)», «Н.И. Ильминскийге Аса қадірлі Николай Иванович! (1884 жыл, 30 қыркүйек)», «А.А. Мазохинге Қымбатты досым Арсений Андреевич! (14 қараша, 1884 жыл)», «В.В.

Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1885 жыл, 5 наурыз)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1885 жыл, 12 қазан)», «А.А. Мозохинге Аса сүйікті досым Арсений Андреевич! (1885 жыл, 25 қазан)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1886 жыл, 2 сәуір)», «Ф.Д. Соколовқа 1886 жыл, 12 маусым», «Н.И. Ильминскийге Ұлы мәртебелі Николай Иванович! (1886 жыл, 8 қыркүйек)», «Н.И. Ильминскийге Аса қадірлі Николай Иванович! (1886 жыл, 18 қыркүйек)», «Ф.Д. Соколовқа Аса сүйкімді досым Федор Демьянович! (1887 жыл, 5 қаңтар)», «Н.И. Ильминскийге Аса қадірлі Николай Иванович! (1887 жыл, 19 наурыз)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1887 жыл, 28 мамыр)», «А.А. Мозохинге (1887 жыл)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1887 жыл, 10 шілде)», «Ф.Д. Соколовқа (1887 жыл, 5 тамыз)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1887 жыл, 27 қараша)», «В.В. Катаринскийге Қымбатты Василий Владимирович! (1888 жыл, 3 маусым)», «Н.И. Ильминскийге Аса қадірлі Николай Иванович! (1888 жыл, қыркүйек)», «Ф.Д. Соколовқа Аса қадірлі Федор Демьянович! 1888 жыл, 20 қыркүйекте», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1888 жыл, 6 қазан)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1888 жыл, 31 желтоқсан)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1889 жыл, 20 ақпан)», «Н.И. Ильминскийге Аса қадірлі, қымбатты Николай Иванович! (1889 жыл, ақпан)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1889 жыл, 6 наурыз)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1889 жыл, 10 мамыр)», «Ф.Д. Соколовқа Аса сүйікті Федор Демьянович! (1889 жыл, 24 мамыр)», «В.В. Катаринскийге Аса қадірлі Василий Владимирович! (1889 жыл, 15 маусым)».Ы. Алтынсариннің эпистолярлық мұралары негізінен жарыққа шыққан жинақтарына енген, сонымен қатар Академик Әлкей Марғұлан КСРО Ғылым академиясының Азия халықтары институтының Шығыс мұрағатында ғылыми іздестірумен айналысып жүргенде, ориенталист ғалым В.В. Григорьевтің қағаздары арасынан Ыбырай Алтынсариннің бұрын соңды жарияланбаған хаттарын тауып, «Қазақ әдебиеті» газетінің 1964 жылғы 11 желтоқсандағы санына ұсынған. Ы.Алтынсарин жинағына енген, бәрімізге белгілі, аса мағыналы өлеңмен жазылған хаты – «Балғожа бидің баласына жазған хаты». Бұл өлең-хат бүгінгі күнге дейін Ибраһимның атасы Балғожа бидің оқудағы немересіне жазғаны деп айтылып және жазылып жүр. Ы.Алтынсарин шығармаларын жинап, құрастырушы Б.Сүлейменов бұлайша ұғыну дұрыс еместігін айтады. Себебі, біріншіден бұл өлең-хат Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінің ішіндегі «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары» бөлімінде берілгендігі болса, екіншіден 1947 жылы қазақ ССР ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған ғылыми экспедиция жинаған мәліметтерде осы «Балғожа бидің баласына жазған хаты» деген өлеңді Ибраһим Алтынсарин өзі жанынан шығарғандығын анықтайтын халық аузындағы деректер тапқан. Десе де, Ибраһим Алтынсариннің оқушы балалардың үйлеріне жазатын хаттарының үлгісіне мысал ретінде ұсынған хатты «Балғожа бидің баласына жазған хаты» деп өз тағдырымен байланысты алуының өзіндік себептері де бар. Ыбырай әкесінен төрт жасында айрылып, белгілі би, ірі бай Балғожа Жанбыршинның қолында тәрбиеленген. 1850 жылы Орынбор қаласында, шекарашылық комиссия жанынан қазақ балаларына арналып, мектеп-интернат ашылғанда, Балғожа би 9 жасар немересі Ыбырайды осында орналастырған. Бұл мектепте орыс тілі, кеңсе қатынас хаттарын жазу үлгілері, есеп, татар тілі сияқты пәндерді және мұсылман діні сабағын оқып үйренген. Жоғарыда аталған Балғожа бидің оқуда жүрген немересіне «жолдаған» өлең-хатындағы:

«Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жаныңа жәрдем берсін Құдайтағалам;
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған» -

деп басталып, атаның немересінің болашағынан күткен үміт – арманы, тілегі, өз заманының талабына сай азамат болып шығу мақсатымен жалғасып жатса,

«Атаңды сағындым деп асығарсың.
Сабаққа көңіл бөлсең басыларсың:
Ата – анаңды өнер білсең асырарсың
Дадан боп, білмей қалсаң аһ ұрарсың» -

деп қазақ жастарының өнер-білім игеруін, әсіресе орысша білім алып, отарлаушы елмен терезесі тең тұрудың қажеттігін меңзеп жазады. Оқуды 1857 жылы өте жақсы деген бағамен бітіріп шыққан Ыбырай атасы Балғожа биде үш жыл тілмаш болып жұмыс істеп, кейін Орынбор комиссиясының әскери старшинасы, қыпшақтардың ұзын руының басшысы болады. Торғай қазақтары арасында аса қадірлі, данқты атасы Балғожа бидің қайтыс болғаны туралы Шекара басқармасының қызметкері және Орынбор қазақтарының приставы Лев Николаевич Плотниковке 1859 жылдың 7 маусымында жазған хатында: «...Осынау қапасақ түскен кезімде бұл сөзіңіз мені шексіз қуантып тастады. ...Мен күллі ата-бабам тәрізді қыр түлегі болсам да, жасаған ием барша жұртпен бірге маған да ұлы адамдардың рахымын айыра білу және сол рахымын өле-өлгенше ұмытпай, есте сақтау қабілетін берген. Мен сол жолдан таймауға серт байланған жанмын. Сонымен қатар, атамнан қалған мал-мүлкімді өз еркімше іждаһаттап тәртіпке келтіру үшін, оның алдындағы ақырғы фарызымды өтеу үшін, мұның бәріне ежелден келе жатқан дәстүр бойынша көп уақыт, көп мұхнат жұмсалатынын ескеріп, Сіздің біраз уақытқа мәулет беруіңізді өтінемін. Оны білетіндерді һәм қадір тұтатындарды небір жетімсіз

жайлармен ренжітіп алам ба деп хауіптенем. Өйткені ол кісі мұндайға қиятын адам емес еді ғой. Бұл күндері мен есімі мәңгі бақи естен кетпес қадірлі атамның аруағы разы болсын деп, басына белгі салдырғалы жатырмын, қышы да, әгі де әзір, һәм орната да бастадық» - деп жазған. Академик Әлкей Марғұлан бұл хат туралы: «...он сегізге жана толған жас жігіттің білімге толы жан арайы, адамгершілігі, өзі ұшқан ұяға деген махаббаты мен отаншылдық ыстық сезімі айқын көрінеді. Бұл хат аға буынға салқын самарқаулықпен қарайтын қазіргі кейбір жастарға үлкен тағылым, ата-анасын айрықша қадір тұтудың парасатты үлгісі болмақ» - дейді. Алаш зиялыларының көзін көріп, тағылымын алған Академиктің 1964 жылғы жазған пікіріндегі «аға буынға салқын самарқаулықпен қарайтын» деп нені меңзеп тұрғаны да белгілі. Ол – бөлек тақырыптың өзегі. Ы. Алтынсариннің оқушыларға хат жазудың үлгісі ретінде ұсынған «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттарында» да дәстүрлі қазақ отбасындағы сыйластық пен тәлім-тәрбиеге мән берілген. Мәселен мына хат үлгілеріндегі: «Қамқор, дуағөй атам және әже, сіздерге ықыласты сәлемдерімді жолдап қаламын. Өзім сіздердің оң баталарыңыздың арқасында сау-саламат бармын», «Осы хатты тапсырушыдан Қадишаға екі қадақтай конфет жібердім, сен алып алып өзіне тапсыра көр. Қадиша кішкене бала ғой, ағам жіберіпті деп, қуанып қалсын...», «...бір-екі жұмадан соң елге де қайтуға тұрмын... Осы күнде-ақ көзіме елестеп тұр, ауыл көкорай шалғындарға қонып, жан-жақтың бәрі желкілдеген көк шөп ішінде жыңылдаған малдың жүргендер... ағама айт: менің көк дөнемді кісіге мінгізбей, семіз сақтасын, барған соң өзім жаратып жайлармын...», «...Ай, аға, әкеме айтып, жылы ағаш үй салып алыңызшы. Киіз үй жаздың күні қанша жақсы болса, қыстың күні сонша жаман ғой. Суық киіз үйде қыс күні бүрісіп, алдың отқа жылынса, арқаң тоңып, не таза жуынуға болмайды, не таза тамақ жеуге болмайды. Осындағы оқымысты дәрігерлер айтады: қазақтың дертінің көбісі – не бойын суыққа алдырғаннан, не тазалық жоқтықтан пайда болады дейді...» - деген жазбаларынан туған жерге, атаанаға, бауырға деген жылылық пен махаббат лебі еседі... алайда, өзінің мазмұны терең хаттарында жеке сезімдердің шеңберінде ғана қалып қоймай, өмірдегі өзекті мәселелер жөнінде пікір білдіріп отырады.

Ы. Алтынсарин хаттарында қазақтардың талап-тілектері мен ой-пікірлері заманның ащы шыңдығы, өзінің өмірге көзқарасы, XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі оқу-ағарту мәселелері баяндалады. Сондықтан да Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметінің мазмұнын ашатын, 1859 – 1889 жылдар аралығында жазылған хаттары қазақ тарихы үшін маңызды зор тарихи дерек көзі болып табылады.

Өзінің жұмыс жөніндегі ұсыныстары мен тілектерін Ы. Алтынсарин сол мәселенің пайдалы да тиімді жақтарын баса көрсету сияқты ұтымды тәсілдермен дәлелдеуге тырысады. Ал Әр хатын зерделей келе, оның күйзеліс немесе қуаныш күйіне тап боласың. Өз туған жерін сағынған Ыбырайдың «сағыныш сезімін» мына хат арқылы білдіреді: «Мен әлдеқашан, тіпті ресми түрде, «Қазақ арасына жіберіңіз, Тобылға - туған жеріме жіберіңіз» деп өтініш еткен едім, бірақ менің тілегіммен санаспай, элі күнге дейін бекіністен жібермей отыр. Жібере қойса, мен бұл бекіністен кетерде көзіме жас алмай-ақ, кеткеніме өкінбей-ақ кетер едім, қоштасуым да маған ауыр болмас еді, қайта көңілім жадырап, қуана-қуана кетер едім...». Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының мұң-мұқтажын, талап-тілегін мейлінше қолдап қуаттады, халық арасында жүргізілуге тиісті ағарту жұмыстарының түрлерін көрсетті, халық бұқарасының санасын оятуға ұмтылды. Қазақ ағартушылары мектеп құрылысы, берілетін білімнің бағыт-бағдарын мен мазмұны, қазақтың қол-тума жазуын жасау, кітап басып шығару жұмысын ұйымдастыру, мұғалімдер даярлау т.б. туралы Қазақстандағы әлеуметтік-педагогикалық міндеттерді шешудің жалпы принципін анықтауға талаптанып, алғашқы қадам жасағанның оның хаттарында: «құдай басыма не салса да мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын», - деген сөздері дәлелдейді [2, б.3].

Ыбырай жазған әрбір хат жеке бір шығарма десе де артық емес. Өйткені оның мазмұны мен көркемділігі жоғары. Біздер Алтынсариннің хаттарынан бүкіл халықтың сипатын, оның рухы мен ақылын көрсетеді.

Мақала мәтіні [1, б. 20]

Әдебиеттер тізімі:

1. Жармұхамедов М. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. - А., 1991
2. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин. - А., 1991
3. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. - А., 200

УДК 373.1

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ: КАК ЦИФРОВЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ СПОСОБСТВУЮТ РАЗВИТИЮ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ

Куракина Е.В., учитель начальных классов

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

<i>Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Әлеуметтік-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры, техника ғылымдарының кандидаты Темирбеков Нұрлыхан Мұқанұлы</i> Алғы сөз / Проректор по социально-воспитательной работе Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, кандидат технических наук Темирбеков Нұрлыхан Мұқанұлы. Приветственное слово	3
<i>Жампеисова Корлан Кабыкеновна, д.п.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан.</i> Инновационные методологии в высшем образовании	4
<i>Усольцев Александр Петрович, д.п.н., профессор, Уральский государственный педагогический университет, г. Екатеринбург, Россия.</i> Реализация принципа наглядности при обучении физике в современных условиях	7
<i>Эндерс Петер, д.ф.-м.н., заочный доцент, Университет прикладных наук, г. Вильдау, Германия.</i> Использование оригинальных текстов ведущих мастеров, чтобы очевиднее выявить связи между областями физики	10

СЕКЦИЯ 1

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ТӘЖІРИБЕ, ПРАКТИКА ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР

НОВЫЕ МЕТОДЫ И ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ФИЗИКИ: ОПЫТ ПРАКТИКА И ПЕРСПЕКТИВЫ

<i>Акмагамбетова Г.К.</i> Физика пәніне арналған жиынтық бағалау тапсырмаларын сабақ уақытында пайдаланудың тиімді әдістері	13
<i>Белгибаева А.Ж., Кульгускина Е.О.</i> Преимущества и трудности в проведении лабораторных работ по физике	18
<i>Гаппаров Ж.А.</i> Жобалау негіздері мен жасанды интеллект және SMART-технологияларының физика пәнін оқытудағы үйлесімді көрінісі	20
<i>Жусупов К.С.</i> Роль физики в подготовке специалистов новых профессий nanoиндустрии	25
<i>Касымова А.Г., Туктубаева С.А., Курмангалиева А.А.</i> Внедрение проблемного обучения и CLIL на уроках физики как средство развития исследовательских навыков учащихся	28
<i>Коновалюк А.Ю., Дёмина Д.С., Касымова А.Г.</i> Исследование опыта использования современных технологий обучения учителями физики в Костанайской области	35
<i>Курмангалиева А.А., Туктубаева С.А.</i> Анализ уровня подготовки учащихся 12-х классов к работе с экспериментальными данными и графиками на уроках физики: оценка навыков расчета погрешностей и построения графиков	38
<i>Омарова А.К., Калакова Г.К.</i> Как оценивать знания и навыки учеников на уроках физики: современные стратегии и практические советы	43
<i>Омыралаи А.К., Телегина О.С.</i> Физический эксперимент в школе: этапы развития и его роль в учебном процессе	47

<i>Пепке В.С., Телегина О.С.</i> Особенности преподавания физики для одаренных детей	50
<i>Телягисова М.Т., Калакова Г.К.</i> Проблемное обучение на уроках физики в современной школе	52
<i>Фазылахметова А.Б., Нупирова А.М.</i> Физиканы оқытуда эксперименттік тапсырмаларды зерттеу әдісін қолдана отырып білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамыту	56
<i>Ховалкина А., Телегина О.С.</i> Методические особенности и реализации коллаборативного подхода в процессе обучения физике	58
<i>Шмулова А.В., Калакова Г.К.</i> Цифровые образовательные ресурсы на уроках физики	63
<i>Шолпанбаева Г.А.</i> Физикалық ұғымды қалыптастыру ерекшеліктері	67

СЕКЦИЯ 2

МАТЕМАТИКА: ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ



МАТЕМАТИКА: ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ И ПРЕПОДАВАНИЯ

<i>Тохметова М.Б., Орумбаева Н.Т.</i> Влияние системы динамической геометрии Geogebra на понимание геометрического смысла определенного интеграла	70
<i>Москаленко А.Т.</i> Применение W -функции Ламберта в решении физических задач	73
<i>Пономаренко Б.М.</i> Расширение полей	79
<i>Муратбек Р., Сәтбаева А.Ф.</i> Цифрлық ресурстарды қолдану арқылы оқушы деңгейін қалай көтеруге болады?	82
<i>Хасенова Г.Б.</i> Математиканы оқытудағы сараланған тәсілді зерттеу	85
<i>Рихтер Т.В., Ломова Л.А.</i> Электронные образовательные ресурсы как средство формирования профессиональных компетенций студентов, обучающихся по профессии «Мастер по лесному хозяйству» (на примере математики)	89
<i>Мирланұлы А.</i> Мектеп математика курсына тригонометриялық теңдеулер жүйесін шешу әдістерін қолдану	93
<i>Тапал У.Б., Бисебаева А.К.</i> Современные методы преподавания математики: от традиционного к интерактивному обучению	98
<i>Каиржанова А.К., Асканбаева Г.Б.</i> Математикалық сауаттылықта стереометрия бөлімін оқыту ерекшеліктері	104
<i>Асканбаева Г.Б., Алимбаев А.А.</i> Геометрияның кейбір теоремаларын олимпиадалық есептерді шығаруда қолдану	109
<i>Құрманбек Т.А., Асканбаева Г.Б., Алимбаев А.А.</i> Ізі 0-ге тең матрицалық жиындардағы $X^2 = A$ түріндегі теңдеуді шешу.	114
<i>Раисова Г.Т., Абилова К.А.</i> Планиметрические задачи на построение в курсе геометрии 7 класса	120
<i>Демисенова Ж.С., Жақсыбай Н.Ж.</i> Бесінші сынып оқушыларына бөлшектерді оқытуда функционалды сауаттылықты өмірлік мысалдармен қалыптастыру	124
<i>Абилова К.А., Захаров С.З.</i> Проблемы преподавания алгебры и начала анализа в школе: пути решения	127
<i>Демисенова Ж.С., Амирова Н.К.</i> Использование современных технологий для развития критического мышления на уроках алгебры в 8 классе как способ повышения мотивации к обучению	130
<i>Шулғауова С.Ж., Нурмагамбетова Б.С.</i> Бағдарланған есептерді оқыту арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту	133
<i>Фазылова А.А., Алдамбергенова К.Т.</i> Командное обучение и применение коллаборативных технологий в алгебре 8 класса	136

<i>Фазылова А.А., Ибрагимова Н.Е.</i> Электрондық білім беру ресурстарын оқушылардың математикалық ойлауындамыту үшін пайдалану	139
<i>Альмухамбетова А.А., Туматаев Д.Ж., Демисенов Б.Н.</i> Об изоморфизме классических алгебр Ли B_2 и C_2	142
<i>Байзахова Г.Р., Шунгулова З.И.</i> Негізгі мектепте геометрияны оқыту процесінде оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары	146

СЕКЦИЯ 3

ИНФОРМАТИКА ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ: ТАРИХ, ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ



ИНФОРМАТИКА КАК НАУКА: ИСТОРИЯ, СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

<i>Акжигитов Е.М., Ерсұлтанова З.С.</i> Влияние нейросетей на музыку: новые возможности и вызовы	150
<i>Асембекова А.К.</i> Информатика ғылым ретінде: тарих, қазіргі жағдай және даму перспективалары	153
<i>Байғужина М.С.</i> Информатика как наука: история, современное состояние и перспективы развития	157
<i>Даулетбаева Г.Б., Қостанай Е., Даулетбаева А.</i> Роботтың сызық бойымен қозғалысының «Толқын» алгоритмі	161
<i>Даулетбаева Г.Б., Келебаева А., Ошанова К.</i> LEGO роботының сызық бойымен қозғалуға арналған «Зигзаг» алгоритмін іске асыру	164
<i>Ерсұлтанова З.С., Келебаева А.М., Ошанова К.Қ.</i> Веб сайттарды жасау технологияларын дамыту	168
<i>Занегина С.И.</i> Интернет-торговля в Казахстане: как защитить свои права	171
<i>Иксанова Н.Т., Радченко Т.А.</i> «Основы машинного обучения» в образовании	174
<i>Исабаев А. Б., Жарлыкасов Б.Ж., Абдуллина Д.М.</i> Иммерсивные технологии в образовании как новые возможности для преподавания естественных наук	177
<i>Куракина Е.В., Герасёва И.М.,</i> Использование технологий в обучении: как цифровые инструменты способствуют развитию интеллектуальных способностей	181
<i>Қазбекқызы Қ., Даулетбаева Г.Б.</i> Жасанды интеллект: тарихы, мүмкіндіктері және болашағы	184
<i>Молдабекова А. Ж.</i> Влияние искусственного интеллекта на будущее образования Республики Казахстан	187
<i>Мякушева Д.П., Архипова Г.Ю., Нуркенова Н. А.</i> Интерактивный рабочий лист как средство организации формативного оценивания на уроках информатики	190
<i>Орлов М.В., Радченко П.Н.</i> Адаптивная технология Scrum как инструмент достижения образовательных целей	194
<i>Оспанова Ш.Б.</i> Развитие навыков создания алгоритмов для решения практических задач у учащихся с использованием метода проблемного обучения	196
<i>Радченко Т.А., Калинин А.Е., Халезина К.Д.</i> Подход к обучению информатике через геймификацию процесса	199
<i>Радченко Т.А., Радченко П.Н.</i> Искусственный интеллект в образовании: трансформация учебного процесса через инновационные технологии и онлайн-форматы	202
<i>Сафронов А.В.</i> Об использовании искусственного интеллекта (ИИ) в образовательном процессе и о возможной замене традиционной подачи материала	205
<i>Серикбаев Б.Б., Ерсұлтанова З.С.</i> Особенности разработки мобильных приложений в обучении программированию	209
<i>Серикбаева А.Б., Даулетбаев Т.Н.</i> Кохоненнің өзін-өзі ұйымдастыратын карталары	213

<i>Соловьева С.В.</i> Совершенствование средств обучения информатике в школе через разработку мобильных приложений	217
<i>Удербаетова Н.К., Жарлыкасов Б.Ж.</i> Использование иммерсивных технологий для обучения цифровой грамотности младших школьников	222
<i>Хакимова Т., Слабекова Ж., Закарянна Н.</i> Биткойн криптовалюта және блокчейн технологиясы: олардың ерекшеліктері	225
<i>Шәкімов А.М.</i> Внедрение искусственного интеллекта в школьную образовательную программу	229

СЕКЦИЯ 4

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕСЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ



ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

<i>Абатов Н.Т.</i> Білім беру жүйесіне реформа жасау – уақыт талабы	232
<i>Абдигәпарова Г.М.</i> Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық мұрасы	235
<i>Андріенко О.А.</i> О необходимости подготовки студентов к организации методической работы в условиях комплексного центра социального обслуживания населения	238
<i>Архипова К.Г., Колисниченко Ю.Г.</i> Проблемы и перспективы профессионального образования Казахстана в сфере искусства	242
<i>Архипова К.Г., Нарбек М.Б.</i> Развитие творческого воображения с использованием нетрадиционных техник рисования	246
<i>Ахметжанова Б.Ж., Жаксыбаев Е.Е., Майленова А.А.</i> Командообразование в современной школе в контексте повышения эффективности образовательной деятельности	248
<i>Бабич С.С.</i> Проблемы и перспективы подготовки руководителей хореографических коллективов в высших учебных заведениях	253
<i>Белогурова Н.С., Власова Е.В.</i> Lesson Study как ресурс для решения проблемы функциональной грамотности у учащихся на уроках математики, информатики и физики	256
<i>Буркулова М.С.</i> Формирование математических знаний у детей дошкольного возраста посредством метода сторителлинг	259
<i>Валиуллина А., Телегина О.С., Касымова А.Г.</i> Педагогическая поддержка учеников с интеллектуальными нарушениями в процессе обучения	262
<i>Дементей А.Г., Ли Е.Д., Байжанова С.</i> Мнемотаблицы как средство развития связной речи у детей дошкольного возраста	266
<i>Емельянова Л.А.</i> К проблеме профессиональной социализации студентов на этапе вузовского образования	269
<i>Ерденова Н.Б., Федулова Т.Б.</i> Организация внутришкольного контроля	272
<i>Есионова А.Н.</i> STEM-компетенции как первый этап профессионального образования школьников	277
<i>Жусупова Д.Ж., Лапикова М.С.</i> Занятия керамикой как способ развития творческих способностей у учащихся в учреждениях дополнительного образования	281
<i>Жусупова Д.Ж., Луковенко О.С.</i> Интеграция искусства в профессиональном обучении: новые горизонты для будущих учителей художественного труда	284
<i>Задорожная С.Н.</i> Профессиональная подготовка будущих учителей музыки в вузе на основе преподавания музыкально-теоретических дисциплин	288
<i>Қайпбаева А., Нурсейтова А.А.</i> Әбіш Кекілбаев шығармаларының ерекшеліктері	293
<i>Калиева С.А., Загородняя О.Ф.</i> Особенности билингвального обучения в контексте применения игровых модулей обучения русскому языку и литературе в общеобразовательных школах	296
<i>Калиниченко О.В., Назмутдинов Р.А., Ахметбекова З.Д.</i> Application of Distanced Education Technologies	301

<i>Касымова С.И.</i> Исследование договорного права в республике Казахстан. Актуальное состояние и перспективы на 2024 год	304
<i>Койшыгулова Д.Ж.</i> Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы қызметі	307
<i>Кулмагамбетова Б.Ж.</i> Ыбырай Алтынсаринның эпистолярлық мұрасы	310
<i>Куракина Е.В., Герасёва И.М.</i> Использование технологий в обучении: как цифровые инструменты способствуют развитию интеллектуальных способностей	314
<i>Логвиненко П.А.</i> Внедрение технологии прототипирования на базе научно-производственной лаборатории университета	318
<i>Луковенко Т.Г.</i> Экологическое воспитание детей: основы формирования ответственного отношения к природе с дошкольного возраста	321
<i>Нарумова М.В., Руш Т.А.</i> Современные практические приемы моделирования казахской национальной одежды	324
<i>Наумова Л.В., Ли Е.Д., Байжанова С.А.</i> Формирование национальных ценностей у дошкольников на основе реализации программы «Біртұтас тәрбие»	328
<i>Оканова А.Т.</i> Саморазвитие личности через проблемы образования в Казахстане на современном этапе и пути их решения	331
<i>Оспанова Ш.Ж., Шарипов А.С.</i> Қазақстан республикасы мен оңтүстік корей арасындағы өзара қатынастарының дамуы	333
<i>Сералиев А.Б., Алиаскаров Д.Т., Бактыбеков М.Б.</i> Преподавание региональной географии: развитие глобальной компетенции учащегося	335
<i>Тимофеева Н.С.</i> Рефлексивная компетентность будущих педагогов-психологов	339
<i>Турлубаева Д.К.</i> Перспективы и проблемы музыкального образования в условиях современного общества	344
<i>Тупиков И.Ю.</i> Исследование причин иммиграции тюрок на территорию Ближнего Востока	347
<i>Чикова И.В.</i> Полисубъектный подход в образовании: развитие и проявление субъектности в условиях высшей школы	350
<i>Чикова И.В.</i> К проблеме сближения ценностей субъектов образовательного пространства высшей школы	354
<i>Швацкий А.Ю.</i> Формирование профессионального сознания в структуре вузовской подготовки педагогических кадров	358
<i>Шумейко Т.С., Зубко Н.Н.</i> Реализация STEM-подхода в дополнительном техническом образовании детей	362

**«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛелЕРІ» АТТЫ
СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО–ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
СУЛТАНГАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ «АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО
ОБРАЗОВАНИЯ»**

**Материалдар жинағын
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай
өңірлік университеті
Ө.Сұлтанғазин атындағы
Педагогикалық институтының
физика, математика және цифрлық
технологиялар кафедрасында
теріліп, беттелді**

**Компьютерлік беттеу:
Шумейко Т.С., Радченко Т.А.**

**Мекенжай:
110000, Қостанай қ., Байтұрсынов көш. 47
(Педагогикалық институт, Тәуелсіздік к-сі
118, 419 каб.).
Тел.: 8 (7142) 54-83-44 (ішкі 115)**

**Пішімі 60*84/18.
Көлемі 23,2 б.т.
Электронды нұсқасы университеттің
ksu.edu.kz сайтында орналастырылған
желтоқсан, 2024 жыл**

**Сборник материалов набран и сверстан
кафедрой физики, математики и цифровых
технологий
Педагогического института
им. У.Султангазина
Костанайского регионального университета
имени Ахмет Байтұрсынұлы**

**Компьютерная верстка:
Шумейко Т.С., Радченко Т.А.**

**Адрес:
110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынова 47
(корпус Педагогического института, ул.Тәуелсіздік
118, каб. 419).
Тел.: 8 (7142) 54-83-44 (вн.115)**

**Формат 60*84/18.
Объем 23,2 п.л.
Электронный вариант размещен на сайте
университета ksu.edu.kz
декабрь 2024 года**